

«БК КҚЗ Қазатомөнеркәсіп» ЖШС  
Қатысушылардың Жалпы  
жиналысымен бекітілген  
«13» 05 2013 жыл  
(№ 03/13 Хаттама)

«Бірлескен кәсіпорын Күкірт қышқыл зауыты Қазатомөнеркәсіп»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
ЖАРҒЫСЫ

Астана қ., 2013 жыл

bl

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Бірлескен кәсіпорын Күкірт қышқылы зауыты Қазатомөнеркәсіп» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 1995 жылғы 2 мамырдағы №2255 Қазақстан Республикасының «Шаруашылық серіктестіктер туралы» Заңына, 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңына, Серіктестіктің Құрылтай шарты мен Жарғысына сәйкес жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылды, осы Жарғы мәтінінде (бұдан әрі – Жарғы) бұдан әрі «Серіктестік» деп аталады.

2. Серіктестіктің фирмалық атауы:

мемлекеттік тілде:

толық - «Бірлескен кәсіпорын Күкірт қышқыл зауыты Қазатомөнеркәсіп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

қысқартылған - «БК КҚЗ Қазатомөнеркәсіп» ЖШС;

орыс тілінде:

толық: товарищество с ограниченной ответственностью «Совместное предприятие Сернокислотный завод Казатомпром»;

қысқартылған: ТОО «СП СКЗ Казатомпром».

толық - «Joint Venture Sulfuric acid plant Kazatomprom» Limited Liability Partnership;

қысқартылған: «JV SAP Kazatomprom» LLP.

3. Серіктестіктің Құрылтайшылары (бұдан әрі - Қатысушылар) мыналар болып табылады:

1) «Біріккен химиялық компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 090140015077, СТН 620300315602, заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 12/1-үй, ВП-18, банктік деректемелері: ҰКЖК 50588501, «Казкоммерцбанк" АҚ Ақмола облыстық филиалындағы ЖСК KZ799261501150215007, БСК KZKOKZKX;

2) «Тау-кен компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 040840001172, СТН 581300210959, орналасқан жері мен мекен-жайы: 161003, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті, банктік деректемелер: "Ситибанк Қазақстан" АҚ-дағы ЖСК KZ7383201T0250175027, БСК СИТІКЗКА.

4. Серіктестіктің орналасқан жері мен мекен-жайы: 021500, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 6 өнеркәсіптік аймақ, №5 кешен

5. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат Серіктестіктің электронды мекен-жайы [www.sap-kazatomprom.kz](http://www.sap-kazatomprom.kz) сайттыңда орналасқан.

6. Серіктестік шектеусіз мерзімге құрылады.

7. Серіктестік әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады, фирмалық атауы, өзінің мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген дөңгелек мөрі, мемлекеттік және орыс тілдерінде мөртанбасы, фирмалық бланкілері және басқа визуалды сәйкестендіру құралдары, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тауар белгілері мен нышандары бар. Серіктестіктің дербес теңгерімі, банктерде шоттары бар. Серіктестік Серіктестіктің жарғылық капиталынан үлес сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы, сонымен қатар Серіктестіктің Қатысушыларына Жарғыда, сондай-ақ үлестерді сатып алу туралы алдын ала шартта көзделген тәртіппен және көлемде ақпарат беруге міндетті.

2  
11/10

8. Серіктестік Қатысушылардың міндеттемелеріне жауап бермейді. Қатысушылар Серіктестіктің міндеттемелері үшін жауап бермейді және олардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, өздері енгізген салым құны шегінде зиян шегу қаупі бар.

9. Серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікке жауап береді, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иелене және жүзеге асыра алады және сотта талапкер және жауапкер бола алады.

10. Серіктестік ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

11. Серіктестік келесі құқықтары бар:

1) өз атынан шарттар (келісімшарттар, келісімдер) жасауға, өзге мәмілелер жасауға және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де іс-әрекеттер жасауға;

2) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерден ғимараттар, құрылыстар, жер учаскелерін, бағалы қағаздар, өнеркәсіптік үлгілер, өнертабыстар, пайдалы модельдер, ақпарат, оның ішінде ғылыми-техникалық, авторлық және аралас құқықтарды, сонымен қатар кез келген басқа мүлікті сатып алуға;

3) заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерден , заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталдағы үлестерді) сатып алуға;

4) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде заңды тұлғалар, филиалдар, өкілдіктер және басқа оқшауланған бөлімшелер құруға;

5) заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында, сонымен қатар одан тыс жерлерде банктік шоттар ашуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлармен салыстырғанда Серіктестіктің барлық және (немесе) жекелеген қызметкерлеріне өз қаражаты есебінен қосымша еңбек және әлеуметтік жеңілдіктер енгізуге;

7) басқа да мүліктік және мүліктік емес құқықтарды иелену.

12. Серіктестіктің дербес теңгерімі бар және ол өзінің жарғылық капиталына жарна, өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде тапқан мүліктер, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа негіздер бойынша сатып алынған мүліктер ретінде енгізілген мүліктер мен ақшаның меншік иесі болып табылады.

13. Серіктестіктің Қатысушылары, Серіктестіктің уәкілетті органдары және (немесе Серіктестіктің лауазымды тұлғалары Серіктестіктің кредиторлары алдында оларға тиесілі мүлікке Серіктестікті төлеуге қабілетсіздікке (әдепті ойластырылған банкроттық) әкелгені үшін субсидиярлық жауапкершілікте болады.

14. Серіктестік үшінші тұлғалардың алдында Серіктестік органы қабылдаған міндеттемелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда Жарғымен белгіленген оның өкілеттіктерін арттыра отырып, жауапты болады.

## 2. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

15. Серіктестік қызметінің мақсаттары:

1) таза табыс табу және оны Қатысушылар мүдделеріне пайдалану;

2) Қазақстан Республикасының нарықтық экономикасын жақсартуға жәрдемдесу;

3) Серіктестік қызметкерлерінің еңбек жағдайларын жақсарту.

16. Серіктестік мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға:

1) қарапайым күкіртті өңдеу, соның негізінде күкірт және аккумулятор қышқылын, өзге химиялық өнімдерді өңдеуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экспорттық-импорттық операцияларды және өзге сыртқы экономикалық қызметте жүзеге асыруға;

- 3) арнайы материалдар, аспаптар мен құрал-жабдықтар өндіруге, карапайым күкіртті өңдеу бойынша құрылыстар салуға және пайдалануға;
  - 4) электроэнергияны өңдеуге;
  - 5) инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға;
  - 6) технологиялық және инвестициялық бағдарламалар мен жобаларға сараптама жасауға;
  - 7) инжинирингтік, маркетингтік және сервистік қызметтерді көрсетуге;
  - 8) өндіріс өнімдерін сатуға, жұмыстарды орындауға, кәсіпорындарға, ұйымдарға және азаматтарға қызмет көрсетуге;
  - 9) көтерме және бөлшек саудамен, маркетингпен, өз немесе өзгенің өнімдерін сатумен, айналдырумен, сақтаумен және оларды қоймаға қоюмен байланысты кез келген қызметпен айналысуға;
  - 10) ғимараттарды, ңехтарды, өндірістік және қойма үй-жайлары мен құрылыстарды жоспарлауға, әзірлеуге, орналастыруға, құрылтайшылық жасауға, салуға, жабдықтауға, пайдалануға беруге, қолдануға, басқаруға және ұстауға;
  - 11) прекурсорларды әзірлеу, өндіру, өңдеу, тасымалдау, қайта жөнелту, сатып алу, сақтау, бөлу, сату, пайдалану, жоюға;
  - 12) бағалы металдардан өндірістік-техникалық өнімдер шығаруға;
  - 13) өндірістің қажеттіліктері үшін тау-кен, өңдеу және химиялық өндірістер қалдықтарын пайдаға асыруға;
  - 14) жеке адамдарды, жүктерді темір жолмен, автомобильмен және өзге көліктермен тасымалдауға;
  - 15) сертификаттау сынақтарын өткізуге;
  - 16) түсті және кара металл сынықтарын, қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сатуға;
  - 17) қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын және Серіктестіктің мүлкін, оның ішінде тасымалдау кезінде қорғауға;
  - 18) жоғары және орта кәсіби білімі бар мамандарға қосымша кәсіби білім беретін білім беру қызметін жүзеге асыру;
  - 19) Қазақстан Республикасының заңнамамен тыйым салынбаған Серіктестіктің кез келген өзге қызметпен айналысуға құқылы.
17. Егер қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін лицензия (патент, сертификат) алу талап етілген жағдайда Серіктестік мұндай қызмет түрін оны (оларды) белгіленген тәртіппен алғаннан кейін жүзеге асырады.

### 3. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

18. Серіктестік Қатысушылары құқылы:
- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Серіктестіктің Жарғысымен көзделген тәртіпте Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;
  - 2) Серіктестік қызметі туралы ақпарат алуға, оның бухгалтерлік құжаттамаларымен және өзге құжаттамалармен Жарғыда көзделген тәртіппен танысуға;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің құрылтай құжаттарына және Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес Серіктестіктің қызметінен табыс табуға;
  - 4) Серіктестіктің таза табысын бөлуге қатысуға;
  - 5) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бөлігінің құнын немесе Серіктестіктің барлық қатысушыларының келісімі бойынша осы мүліктің бөлігін заттай алуға;
  - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен өзінің үлесін бөлігі арқылы Серіктестікке қатысуын тоқтатуға;
  - 7) Серіктестіктің органдарына сайлауға және сайлануға;

- 8) өз есебінен Серіктестік қызметіне аудит жүргізуді талап етуге;
- 9) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары мен (немесе) Серіктестік Қатысушыларының уәкілетті өкілдерінің Серіктестік қызметіне жүргізген тексерістердің нәтижелерімен танысуға;
- 10) Серіктестік органдарының олардың Қазақстан Республикасының заңнамада көзделген құқықтарын бұзатын шешімдерін сот тәртібімен шағымдауға;
- 11) Серіктестіктің және оның құрылымдық бөлімшелерінің лауазымды тұлғаларын міндеттерінен босату туралы мәселе қоюға;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Серіктестіктің құрылтай құжаттарымен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

#### 4. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

19. Серіктестіктің қатысушылары міндетті:
  - 1) Серіктестікті құру және оның қызметі туралы құрылтай шарттың талаптарын орындауға;
  - 2) Серіктестіктің құрылтай құжаттарымен көзделген тәртіпте, мөлшерде, тәсілдермен және мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталына салым салуға;
  - 3) Серіктестік алдындағы өзінің міндеттерін тиісінше атқаруға;
  - 4) Серіктестіктің шаруашылық қызметті жүзеге асыруына жәрдемдесін, көмек көрсетуге;
  - 5) Серіктестік коммерциялық, техникалық, қаржылық және өзге құпия деп жариялаған мәліметтерді (ақпаратты) жария етпеуге;
  - 6) Серіктестікке зиян келтіретін кез келген қызметтен алыс болуға;
  - 7) Серіктестіктің атқарушы органын, сонымен қатар Серіктестік Қатысушыларының тізілімін жүргізген жағдайда оның тіркеушісін өзінің атауының, орналасқан орнының, мекен-жайының және банктік деректемелерінің өзгергені туралы жазбаша түрде хабардар етуге;
20. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамамен қарастырылған басқа да міндеттерге жауапты болуға.

#### 5. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

21. Серіктестіктің Жарғылық капиталы 3 411 230 000 (үш миллиард төрт жүз он бір миллион екі жүз отыз мың) теңгені құрайды.  
Серіктестіктің жарғылық капиталының салымы ақша, бағалы қағаздар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жерді пайдалану құқығы, зияткерлік қызмет нәтижелеріне берілетін құқық және өзге мүліктер болуы мүмкін.  
Салымды жеке мүліктік емес құқықтар мен материалдық емес игіліктер түрінде енгізуге, сонымен қатар Қатысушының Серіктестікке қоятын талаптарын есепке алу арқылы енгізуге жол берілмейді.
22. Жарғылық капиталындағы Қатысушылардың үлесі сәйкесінше мынадай соманы құрайды:
  - 1) «Біріккен химиялық компания» ЖШС - 78% (жетпіс сегіз пайыз), ақшалай алғанда – 2 661 230 000 (екі миллиард алты жүз алпыс бір миллион екі жүз отыз мың) теңге;
  - 2) «Тау-кен компаниясы» ЖШС – 22% (жиырма екі пайыз), ақшалай алғанда - 750 000 000 (жеті жүз елу миллион) теңге;
23. Серіктестіктің жарғылық капиталын көбейту немесе азайту Қазақстан Республикасының заңнамамен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

5  
111

24. Серіктестіктің мүлкіндегі Қатысушының үлесі салымды толық төлегенге дейін тек салым төленген бөлігінен алынуы немесе салынуы мүмкін.

25. Серіктестіктің Қатысушысы Серіктестік мүлкіндегі өзінің үлесін немесе оның бөлігін Серіктестіктің басқа Қатысушысына сатуға немесе өзге жолмен сатып беруге құқылы. Тең жағдайда, Серіктестіктің Қатысушысы өзінің үлесін Серіктестіктің басқа қатысушысының алдында өз міндеттемесін қамтамасыз ету үшін салуға құқылы.

26. Серіктестік Қатысушысының өз үлесін (оның бөлігін) үшінші тұлғаға беруіне немесе Серіктестіктің басқа Қатысушысының келісімімен үшінші тұлғаның алдында Қатысушының міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін үлесінің кепілін (үлестің бөлігін) үшінші тұлғаларға беруіне рұқсат етіледі.

27. Серіктестіктің Қатысушылары Серіктестіктегі өз үлесін (оның бөлігін) үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беруге құқылы. Серіктестіктің Қатысушылары үшінші тұлғалар алдында заңнамалық актілермен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қатысушылардың біреуі сатқан жағдайда Қатысушының үлесін немесе оның бөлігін сатып алуда артықшылыққа ие болады. Мұндай құқықты әрбір Қатысушы пайдалана алады.

28. Серіктестік Қатысушысының кредиторлары сот шешімінің негізінде мұндай Қатысушының Серіктестіктің мүлкіндегі үлесінен немесе үлесінің бөлігінен мәжбүрлеп өндіріп алуды талап етуге құқылы.

Үлесін (үлестің бөлігін) өндіріп алуға қатысты кепілзат ұстаушы құқығы жоқ несиегер Серіктестікке борышкердің үлесін (үлесінің бөлігін) мәжбүрлеп сатып алу немесе қарызын сатып алудан түскен сомадан өтеу туралы талабын қояды. Үлесті (үлестің бөлігін) сатып алуды Серіктестік немесе оның Қатысушысы үлесі сатылып алынып жатқан Қатысушының келісімімен тараптар белгілеген баға бойынша жүзеге асырады.

## 6. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ

29. Серіктестіктің мүлкі оның Қатысушылардың салымдары, Серіктестік тапқан табыстар, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Заңнамамен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен құралады. Серіктестіктің мүлкі оның теңгерімінде есепке алынады.

30. Серіктестіктің қатысушыларының Жалпы жиналысы Қатысушылардың Серіктестік мүлкіне қосымша жарналар енгізуі туралы шешім қабылдай алады. Шешім Серіктестіктің барлық Қатысушылары бірігіп қабылданады.

31. Қатысушылардың Серіктестік мүлкіне қосымша жарналар енгізу тәртібі мен мерзімдері, сонымен қатар оларды енгізуді кешіктіргені үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ережелер бойынша анықталады.

## 7. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА ТАБЫСЫН БӨЛУ ТӘРТІБІ

32. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамамен белгіленген тәртіппен және мерзімде бюджетке салықтарды және өзге де міндетті төлемдерді төлейді.

33. Серіктестіктің өз қызметінің бір жылғы нәтижелері бойынша алған таза табысы Серіктестіктің тиісті жылдағы қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелерін бекітуге арналған Серіктестік Қатысушыларының кезекті Жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес бөлінеді.

Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысы таза табысты немесе оның бөлігін Серіктестік Қатысушыларының арасында бөлмеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

34. Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысы Қатысушылар арасында таза табысты бөлу туралы шешім қабылдаған жағдайда, әрбір Қатысушы Серіктестіктің қаржылық капиталындағы оның үлесіне сәйкес келетін бөлінген табыстың бөлігін алуға

құқылы. Табысты төлеу Қатысушылардың Жалпы жиналысы таза табысты бөлу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде ақшалай түрде жүргізілуге тиіс.

## 8. СЕРІКТЕСТІКТІ БАСҚАРУ

35. Серіктестіктің қызметін басқаруды және Қатысушылардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуына бақылау жасауды Серіктестіктің органдарымен жүзеге асырылады.

36. Серіктестіктің органдары:

- 1) Жоғары орган – Қатысушылардың Жалпы жиналысы;
- 2) Байқаушы орган – Байқаушы кеңес;
- 3) Атқарушы орган (жеке) – Директор;
- 4) Бақылаушы орган – Тексеру комиссиясы.

## 9. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

37. Қатысушылардың Жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібі, сонымен қатар Қатысушылардың Жалпы жиналысының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Серіктестіктің құрылтай құжаттарымен белгіленеді.

38. Серіктестіктің барлық қатысушылары Қатысушылардың Жалпы жиналысына қатысуға, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға және шешім қабылдау кезінде дауыс беруге құқылы.

39. Серіктестіктің қатысушылары Қатысушылардың Жалпы жиналысына жеке өзі немесе өкілі арқылы қатыса алады.

40. Серіктестіктің әрбір Қатысушысы Қатысушылардың Жалпы жиналысында дауысқа салған кезде Серіктестіктің жарғылық капиталындағы оның үлесіне сәйкес дауыс санына ие.

41. Қатысушылардың Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатқызылады:

1) Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерінің, орналасқан жері мен фирмалық атауының өзгеруін қоса алғанда, Серіктестік Жарғысын өзгерту немесе жаңа редакциядағы Жарғыны бекіту;

2) Байқаушы кеңес пен Тексеру комиссиясын сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Байқаушы кеңес төрағасы мен оның мүшелеріне сыйлықақы төлеу шарттары мен оның мөлшерін анықтау, сонымен қатар Тексеру комиссиясының есептері мен қорытындыларын бекіту;

3) Серіктестік Директорын сайлау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылдау және мұндай берудің шарттарын анықтау;

4) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;

5) Серіктестіктің қызметін реттейтін ішкі ережелерді, оларды қабылдау процедураларды (Байқаушы кеңес және Тексеру комиссиясы туралы Ережелер), Серіктестіктің жарғысымен Серіктестіктің өзге де органдарының құзыреттілігіне жататын құжаттардан басқа бекіту.

6) Серіктестіктің өзге де шаруашылық серіктестіктерге, сонымен қатар коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім;

7) Серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы шешім;

8) тарату комиссиясын тағайындау және тарату теңгерімдерін бекіту;

9) Қазақстан Республикасы заңнаманың нормаларына сәйкес Серіктестік Қатысушысынан үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

10) Серіктестік мүлкінің барлығын немесе бөлігін кепілге қою туралы шешім;

11) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім;

12) Серіктестіктің Қатысушыларына және оның үлесін сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бекіту.

42. Қатысушылардың Жалпы жиналысының құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешім;

2) Серіктестіктің өзге заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы оған тиесілі қатысу үлесін (акцияларды) сату туралы шешім;

3) Серіктестіктің инвестициялық және дивидендтік саясатын бекіту;

4) Серіктестіктің өз капиталының 30 % (отыз пайыз) құны артық мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын бекіту;

5) міндеттемелерін Серіктестіктің өз капиталының 30 %-дан (отыз пайыз) артығын құрайтын шамаға көбейту туралы шешім шығару;

43. Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысы Серіктестік қызметімен байланысты кез келген мәселені қарауға құқылы.

44. Кезекті Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысын Серіктестік Директоры жылына кемінде бір рет шақырады.

45. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін бекітуге арналған жиналыс есепті қаржы жылы аяқталғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей өткізілуіне тиіс.

46. Серіктестік Қатысушыларының кезектен тыс Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, сонымен қатар мұндай жиналысты шақыруды Меріктестік мүдделері талап еткен кез келген өзге жағдайларда шақырылады.

47. Таратылу процесіндегі Серіктестік Қатысушыларының кезектен тыс Жалпы жиналысын тарату жөніндегі комиссия (таратушы) шақыруы мүмкін.

## **10. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРУ ТӘРТІБІ**

48. Қатысушылардың Жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) жиналыс ашылғанға дейін он күннен кешіктірмей оның өтетіні туралы Серіктестіктің әрбір Қатысушысына Серіктестік Директоры жүргізетін Қатысушылар тізілімінде көрсетілген мекен-жайы бойынша жазбаша хабарлауға міндетті.

Хабарламада жиналыстың уақыты, өтетін орны, сонымен қатар ұсынылатын күн тәртібі көрсетілуге тиіс.

49. Серіктестіктің кез келген Қатысушысы Жалпы жиналыстың күн тәртібіне ол ашылғанға дейін бес күннен кешіктірмей өз ұсыныстарын енгізуге құқылы. Бұл талапты орындау Қатысушылардың Жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлға үшін міндетті болып табылады.

Егер Серіктестіктің Қатысушыларының ұсыныстары немесе талаптары бойынша Қатысушылардың Жалпы жиналысының бастапқы күн тәртібіне өзгерістер енгізілетін болса, жиналысты шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) жиналыс ашылғанға дейін үш күннен кешіктірмей бұл өзгерістер туралы әрбір Қатысушыны Серіктестік Директоры жүргізетін Қатысушылар тізілімінде көрсетілген мекен-жайы бойынша жазбаша хабардар етуге міндетті.

50. Қатысушылардың алдағы болатын Жалпы жиналысы туралы қажетті ақпарат алу үшін Қатысушы Қатысушылардың Жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлғаның (тұлғалардың) мекен-жайына тиісті талабын жолдауға құқылы.

Тиісті талапты алған жағдайда Қатысушылардың Жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) Қатысушылардың Жалпы жиналысы ашылғанға дейін үш күннен кешіктірмей оған күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша шешімдердің жобаларын, күн тәртібіне талқылауға енгізілген құжаттардың көшірмелерін жазбаша түрде жіберуге міндетті.

## 11. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

51. Серіктестік қатысушылары Жалпы жиналысының регламентін тек Қатысушылардың Жалпы жиналысы белгілейді.

52. Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысы келген Серіктестік Қатысушылары мен олардың өкілдерін тіркеу мәліметтері тиісті кворум бар деп есептеуге жеткілікті негіз берген жағдайда жарияланған уақытында ашылады.

Серіктестік Қатысушыларының өкілдері Директорға, Серіктестік қатысушыларының Жалпы жиналысын өткізетін ұйымдастырушыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген тиісті өкілеттіктерді ұсынуға тиіс.

Жиналыс Серіктестіктің барлық Қатысушылары немесе олардың өкілдері хабарланып, жиналыстың ашылу уақытының өзгергеніне қарсылық білдірмеген жағдайдан басқа жағдайларды қоспағанда, жарияланған уақытынан бұрын ашылуы мүмкін емес.

53. Егер қатысушылар немесе оған қатысуға ұсынылғандар жиналып, Жалпы дауыс санының жартысынан көбін иеленетін болса, онда Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысы заңды, ал кворум шарттары сақталған болып танылады. Күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша шешім білікті көпшілік дауыспен немесе бірауыздан қабылдануға тиіс болған жағдайларда, жиналыс егер қатысушылар немесе оған қатысу үшін ұсынылған Қатысушылар жиналып, Жалпы дауыс санының үштен екісін иеленетін болса, шешім қабылдауға құқылы.

54. Кворум болмаған жағдайда Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысы бірінші шақырылған күннен бастап отыз күннен кешіктірілмей, қайта шақырылады. Қатысушылардың Жалпы жиналысы қайта шақырылған жағдайда Жарғының 10-бөлімінде белгіленген ереже сақталуға тиіс.

55. Кезекті Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысын Серіктестік Директоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға ашады. Серіктестік Қатысушылары шақырған жиналысты жиналысты шақырған Серіктестік қатысушыларының бірі ашады. Байқаушы кеңес шақырған жиналысты Байқаушы кеңес Төрағасы ашады.

Тарату комиссиясы (таратушы) шақырған Қатысушылардың Жалпы жиналысын Тарату комиссиясының төрағасы (таратушы) ашады.

56. Қатысушылардың Жалпы жиналысын ашатын адам Қатысушылардың Жалпы жиналысына төрағалық етуші мен оның хатшысын сайлауды жүзеге асырады. Қатысушылардың Жалпы жиналысына төрағалық етуші мен оның хатшысын сайлау мәселесін дауысқа салған кезде әрбір Қатысушы бір дауысқа ие болады (жарғылық капиталындағы үлесіне қарамастан), ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

57. Қатысушылардың Жалпы жиналысының Хатшысы Қатысушылардың Жалпы жиналысының хаттамасын жүргізу үшін жауапты.

Хаттамаға Қатысушылардың Жалпы жиналысына төрағалық етуші, хатшы және қатысушылар немесе олардың өкілдері қол қояды. Барлық жиналыстардың хаттамалары Серіктестік Директорында сақталатын хаттамалар кітабына тігіледі және кез келген Серіктестік Қатысушысына танысу үшін кез келген уақытта берілуі тиіс. Қатысушылардың талаптары бойынша хаттамалар кітабынан куәландырылған үзінділер немесе Қатысушылардың Жалпы жиналысы хаттамасынан үзінді беріледі.

Қатысушылардың Жалпы жиналысы хаттамасынан үзіндіде Қатысушылардың Жалпы жиналысын өткізу күні, өткізудің орны мен уақыты, сонымен қатар күн тәртібі, дауыс берудің нәтижелері мен қабылданған шешім болуы тиіс.

Қатысушылардың Жалпы жиналысы хаттамасынан үзіндіге Серіктестіктің директор немесе оның міндетін атқарушы тұлға қолын қояды.

58. Жарғының 410-тармағының 9) тармақшасы бойынша шешім қабылдаған кезде, үлесі мәжбүрлеп тәртібімен сатып алынатын Серіктестік Қатысушысы дауыс беруге қатыспайды және оған тиесілі дауыс саны есептеу кезінде саналмайды.

59. Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімі ашық дауыс берумен қабылданады.

60. Жарғының 41-тармағының 1), 7), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша қабылданатын шешім Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысына қатысушылар мен оған ұсынылған қатысушылардың төрттен үшіннің білікті көпшілік дауысымен қабылданады.

Қалған шешімдер егер Серіктестік Жарғысы оларды қабылдау үшін көп дауыс санын немесе бірауыздан сайлауды талап етпейтін болса, Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысына қатысушылар мен оған ұсынылған қатысушылардың жай көпшілік дауысымен қабылданады.

61. Қатысушылардың Жалпы жиналысының жүргізілу тәртібінің бұзылуымен байланысты Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімдері мен Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға немесе Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ережелер мен өзге құжаттарға қайшы келетін шешімдерді қабылдау Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімдері секілді, Қатысушының өтініші бойынша заңнамалардың, Жарғының талаптарын сақтамайтын, оның ішінде Серіктестік Қатысушысының құқықтарын бұзатын шешімдерді сот толығымен жарамсыз немесе ішінара жарамсыз деп тануы мүмкін.

Мұндай өтініш Серіктестік Қатысушысы шығарылған шешім туралы білген не білуге тиіс күннен бастап алты ай ішінде, ал егер ол шешім қабылданған Қатысушылардың Жалпы жиналысына қатысқан болса, онда Қатысушылардың Жалпы жиналысының осы шешімі қабылданған күннен бастап алты ай ішінде берілуі мүмкін.

62. Барлығы жиналып Жалпы дауыс санының төрттен үшінен артық дауысқа ие Серіктестік Қатысушыларының анық келісімімен Қатысушылардың Жалпы жиналысы сырттай хат алмасу, факсимиле немесе электронды хабарламалар арқылы сауалдама алу немесе Қатысушылардың барлығының қолы жетімді әрі берілетін және қабылданатын хабарламалардың барабарлығын қамтамасыз ететін өзге байланыс құралдарын пайдалану арқылы өткізілуі мүмкін.

Сырттай Жалпы жиналыстың Жарғының 41-тармағының 1), 7), 9), 10) және 11) тармақшаларында және 42- тармағының 4), 5) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығы жоқ.

63. Серіктестік қатысушыларының Жалпы жиналысын сырттай өткізген жағдайда олар көздеген мерзімдер бөлігінде Жарғының 51-56 және 59-тармақтары, сонымен қатар 48-50 - тармақтардың ережелері қолданылмайды.

64. Серіктестік Қатысушыларының сырттай Жалпы жиналысы барлық Қатысушыларға ұсынылатын күн тәртібін және оған енгізілген мәселелер бойынша қабылданатын шешімдер жобаларын, олардың әрқайсысына дауысқа салғанға дейін барлық қажетті құжаттармен танысып шығу, күн тәртібі бойынша ұсыныстар беру және оған белгілі бір құжаттарды енгізуді талап ету мүмкіндігін, сонымен қатар дауыс беру басталғанша барлық Қатысушыларға күн тәртібінің өзгергенін және талқыланатын мәселелер бойынша басқа Қатысушылардың пікірлерін (сөйлейтін сөздерін) хабарлауды қамтамасыз ететін рәсім бойынша жүргізілуге тиіс.

## 12. БАЙҚАУШЫ КЕҢЕС

65. Байқаушы кеңес Серіктестіктің атқарушы органының қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін құрылды.

66. Байқаушы кеңес 3 (үш) кісіге дейін мөлшерде құрылады. Байқаушы кеңестің мүшелері қатысушылардың Жалпы жиналысымен үш жыл мерзіміне сайланады. Директор Байқаушы кеңесінің мүшесі ретінде бола алмайды.

67. Байқаушы кеңестің құзыретіне мынадай мәселелер жатады.

- 1) Серіктестіктің ұзақ мерзімді стратегиясын бекіту;
- 2) Серіктестіктің даму жоспарын (бюджетінің), Серіктестік даму жоспарына (бюджетіне) енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Серіктестіктің даму жоспарының (бюджетінің) орындалуы бойынша жылдық және тоқсандық есептерін бекіту;
- 4) Серіктестік Директорының орынбасарлары мен бас есепшісінің кандидатураларын келісу;
- 5) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Серіктестік Директорының, Тексеру комиссиясы мүшелерінің, Байқаушы кеңес Хатшысының лауазымдық жалақыларының мөлшерін, еңбекке ақы толеу шарттары мен сыйлықақының мөлшерін белгілеу; Директор мен Тексеру комиссиясы мүшелеріне, Байқаушы кеңес Хатшысына еңбек шартын бұзу жағдайын қоспағанда, мадақтау немесе тәртіптік жаза шараларын қолдану;
- 7) бекітілуі Жарғымен Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және өзге құжаттарды бекіту;
- 8) Байқаушы кеңес Хатшысын сайлау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Серіктестіктің ұйымдық құрылымы мен қызметкерлер санын бекіту;
- 10) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің ұйымдық құрылымы мен қызметкерлерінің санын бекіту;
- 11) Серіктестік қызметіне аудит жүргізетін және оның қызметіне төленетін төлем мөлшерін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 12) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне сыртқы аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның ұсынымдарының орындалуы мен іске асырылуына бақылау жүргізу;
- 13) акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Серіктестікке тиесілі еншілес және тәуелді ұйымдардың қатысушыларының Жалпы жиналысының (акционерлердің) құзыретіне жататын еншілес және тәуелді кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 14) Директордың ұсынымы бойынша Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындау, оларды атқаратын қызметтерінен мерзімінен бұрын босату;
- 15) мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын алдын-ала бекіту, соның нәтижесінде Серіктестіктің өз капиталынан құны 30 % (отыз пайызға) артық, мәмілені Қатысушылардың Жалпы жиналысына бекітуге шығару;
- 16) Серіктестіктің өз капиталының 5 % (бес пайызға) құны артық мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын бекіту;
- 17) бір тарапы Серіктестіктің Қатысушысы болып табылатын мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын бекіту;
- 18) Серіктестіктің тауарлық белгісін, өзге де нышандарының үлгілерін бекіту;
- 19) қызметтік жеңіл автомобильдердің, әкімшілік аппаратты орналастыруға арналған алаңдардың тиесілі нормативтерін анықтау;

20) Серіктестіктің қызметтік іссапарға жіберілетін қызметкерлерінің іссапар шығындарының нормаларын, шығындардың орнын толтыру тәртібі мен шарттарын анықтау;

21) қызметкерлерге ұялы байланысты пайдалану құқығы, өкілдік шығыстар шектелімі мен өзге шектелімдер берілген жағдайда Серіктестік есебінен өтелетін шығынның шектелімін анықтау;

22) Серіктестік немесе оның қызметі туралы коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияларды, сонымен қатар Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің аталған ақпаратты жария етпеу жөніндегі мерзімі өткен құпияларын құрайтын ақпараттарды анықтау, Серіктестік қызметі туралы ақпаратты ашу тәртібін анықтайтын ішкі құжатты бекіту және оның сақталуын қамтамасыз ету;

23) Заңнамалармен, құрылтай құжаттарымен және Серіктестіктің өзге органдарының айрықша құзыретіне жатпайтын оның ішкі құжаттарымен көзделген өзге мәселелер.

68. Байқаушы кеңес мүшелерінің өкілеттігін тоқтатуы Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімімен жүзеге асырылады. Байқаушы кеңес мүшелерінің өкілеттігін тоқтату туралы шешім Байқаушы кеңестің бір мүшесіне де, сондай-ақ барлық мүшесіне де қатысты қабылдануы мүмкін.

69. Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімімен Байқаушы кеңес мүшелерінің бірінің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда осы шешіммен Байқаушы кеңестің жаңа мүшесін сайлау туралы шешім қабылдануға тиіс.

70. Байқаушы кеңестің мүшесі болып тек жеке тұлға сайлана алады. Байқаушы кеңестің мүшелері өз міндеттемелерін орындаудың бүкіл мерзімі бойы Серіктестіктің мүдделері жағынан адал және негіздемелі түрде әрекет етуге және кеңесте бола алатын, Байқаушы кеңестің басқа мүшелерін мүдделердің жанжалы немесе бола алатын мүдделерді жанжалы туралы хабарландыруға тиісті. Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімімен Байқаушы кеңестің бұрын сайланған мүшелері кезекті мерзімге бірнеше рет қайта сайлана алады.

71. Байқаушы кеңестің мүшелері шешімдерді тек Байқаушы кеңестің отырысы шектерінде қабылдайды және Серіктестікпен байланысты немесе оған бәсекелес болып келетін мәселелері бойынша үшінші жақтармен қызмет жасамайды.

72. Байқаушы кеңес мүшесінің өкілеттіктерін тоқтатуы оның бастамасы бойынша кез келген уақытта Байқаушы кеңеске жазбаша хабарлама жазу арқылы жүзеге асырылады. Мұнда Байқаушы кеңес мүшесінің өкілеттігі Байқаушы кеңестен хабарлама алған сәттен бастап тоқтатылады, егер хабарламада алты айдан аспайтын неғұрлым кеш мерзім көрсетілмесе, бұл мерзім Байқаушы кеңестің қалған мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

73. Төраға Байқаушы кеңестің жұмысын ұйымдастырады, Байқаушы кеңестің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді, отырыстарда Құрылтай құжаттарымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте отырыстарда хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады.

74. Байқаушы кеңестің мүшелеріне Байқаушы кеңестің отырысына дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Байқаушы кеңестің алдағы отырысының күні, уақыты, өтетін орны мен күн тәртібі, сонымен қатар мүмкін болатын дауыс беру тәсілі көрсетіліп, хабарлама жіберіледі.

75. Байқаушы кеңестің отырысын Байқаушы кеңестің Төрағасы өзінің жеке бастамасы бойынша, сондай-ақ Байқаушы кеңестің кез келген мүшесінің, Директордың талап етуі бойынша шақырады.

76. Байқаушы кеңестің отырысы кезінде байқаушы кеңестің мүшелері өзінің дауыс беру құқығын ешбір басқа тұлғаларға сенім хат негізінде немесе өзге де жолмен бере алмайды.

77. Байқаушы кеңестің шешімі іштей және сырттай дауыс беру арқылы қабылданады.

Байқаушы кеңестің отырысы сырттай хат алмасу, факсимиле немесе электронды хабарламалар арқылы сауалдама алу немесе Байқаушы кеңестің барлық мүшелерінің қолы жетімді әрі берілетін және қабылданатын хабарламалардың барабарлығын қамтамасыз ететін өзге байланыс құралдарын пайдалану арқылы өткізілуі мүмкін. Байқаушы кеңес отырысын сырттай өткізу туралы шешімді Байқаушы кеңестің Төрағасы немесе Байқаушы кеңестің оны ауыстырушы мүшесі қабылдайды.

78. Байқаушы кеңестің сырттай отырысының Жарғының 67-тармағының 2), 3), 5), 7), 10) және 15) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығы жоқ.

79. Байқаушы кеңестің сырттай отырысы Байқаушы кеңестің барлық мүшелеріне ұсынылатын күн тәртібін және оған енгізілген мәселелер бойынша қабылданатын шешімдер жобаларын, олардың әрқайсысының дауысқа салғанға дейін барлық қажетті құжаттармен танысып шығу, күн тәртібі бойынша ұсыныстар беру және оған белгілі бір құжаттарды енгізуді талап ету мүмкіндігін, сонымен қатар дауыс беру басталғанша Байқаушы кеңестің барлық мүшелеріне күн тәртібінің өзгергенін және талқыланатын мәселелер бойынша Байқаушы кеңестің басқа мүшелерінің пікірлерін (сөйлейтін сөздерін) хабарлауды қамтамасыз ететін рәсім бойынша жүргізілуге тиіс.

80. Байқаушы кеңестің отырысында шешім барлық мәселелер бойынша ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен қабылданады. Байқаушы кеңес шешім қабылдаған кезде Байқаушы кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда Байқаушы кеңес Төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Байқаушы кеңестің бір мүшесінің Байқаушы кеңестің екінші мүшесіне дауыстарын беруіне тыйым салынады.

81. Байқаушы кеңестің отырысын өткізу үшін жиналатын кворум Байқаушы кеңестің сайланған мүшелерінің жалпы санының кемінде екі үштен қатысуынан жиналады.

82. Байқаушы кеңестің отырысында хаттама жүргізіледі, ол өткізілгеннен кейін үш күннен кешіктірілмей ресімделіп, оған Байқаушы кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

83. Байқаушы кеңес мүшелері Серіктестікке келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша кез келген Қатысушының талап етуі бойынша жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Мұнда олар өздерінің Серіктестікті дұрыс басқармауымен немесе бірлесіп жүзеге асырумен байланысты шығындар үшін бірлесіп жауап береді.

84. Байқаушы кеңес мүшелері Серіктестікті атқарушы органның дұрыс басқармауына байланысты Серіктестіктің дәрменсіздігі (банкроттық) салдарынан шеккен зияны үшін үшінші тұлғалар алдында Серіктестікпен бірге субсидиярлық жауапкершілікке бірге тартылуы мүмкін.

85. Байқаушы кеңестің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі Қатысушылардың Жалпы жиналысы бекіткен Байқаушы кеңес туралы ережемен анықталады.

86. Байқаушы кеңестің хатшысы – Байқаушы кеңестің мүшесі болып табылмайтын Серіктестіктің қызметкері, Серіктестіктің Байқаушы кеңесімен тағайындалады және Серіктестіктің Байқаушы кеңесіне есеп береді.

